

Сыдық Перизат Сәндібайқызының «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде)» диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

Тіл ғылымының антропоэекті парадигмасы «тіл арқылы адамды» тануды мақсат ететіні белгілі. Аталған адамды тану мақсатына қол жеткізу үшін тілдің «мәтіндік» сипатынан «дискурстық» сипатқа ауысуын зерттеу қажет, басқаша айтқанда, сөзді сөйлеуші қандай жағдаятқа сай, қандай ниетте айтқаны және қалай айтқаны біртұтастықта алынып зерделенуі керек. Сол кезде сөйлеушінің өз сөзі арқылы оның өзін, атап айтқанда, дүниетанымын, білімін, мәдениетін, әлеуметтік және қарым-қатынаста көрінетін ұлттық болмысын тануға болады. Сөйлеуші өз ойын жеткізуде коммуникативтік жағдаятқа сай сөз таңдайды, оны өзімен сөйлесіп тұрған жанның түсінуіне ыңғайлап құрады. Осы үдерісте тілдік тұлға не сөйлеуші өзінің сөз таңдауында өз тәжірибесіне, біліміне сүйенеді, өз сөзіне де, өз іс-әрекетіне де және өзімен қарым-қатынасқа түсушілер сөз қолданысына да сын көзімен қарап, ниет-мақсатына сай қарым-қатынастың сәтті жүзеге асуына ыңғайланып отырады. Бұл үдеріс ғылыми зерттеулерде рефлексия, тілдік рефлексия терминдерімен аталып талданып жүр. Тілдік рефлексия үдерісінде адамның тілдік таңбалар не сигналдар арқылы тілдік санада әуелі рефлекс түзіліп, ол тілдік және тәжірибелік сипатта бағаланып, рефлексияланып, сөйлеуді бақылау нәтижесіне сай рефлексивтерде таңбаланып орындалады. Рефлексия мәселесі және оның түрлері ғылымның түрлі саласында – философияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтануда зерттеліп келеді. Рефлексияның бір түрі – тілдік рефлексия мәселесі рефлексивті лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде анықталған. Қазақ тіл білімінде аталған мәселені зерттеуге арналған еңбектер бар. К.К.Окушева адамның интеллектуалды әрекетінің берілу жолының бірі ретінде түсіндірмелі құрылымдарды атап, оның тілдік рефлексивтік сипатын ғылыми мақала мәтіндерін талдау негізінде зерттесе, Л.М.Шайкенова рефлексивті лингвистика теориясының негізгі категориялы-ұғымдық аппаратын (*рефлексия, коммуникативтік ниет (намерение), ментальды репрезентациямен сабақтасатын метатілдік сана*) анықтап, рефлексивті лингвистика теориясының интегративті коммуникативті-когнитивті моделін ұсынды, Г.А.Борибаева топонимдік рефлексияны анықтап, оны оронимдік, ойконимдік, гидронимдік рефлексия түрлеріне жіктеген. Қарапайым метатілдік сана жүйесіндегі топонимдік рефлексияны анықтау моделін ғылыми айналымға түсірген. Тілдік рефлексия мәселесі аталған зерттеулерде талданғанымен, оның барлық сипаты толыққанды ашылып болды деуге келмейді. Рефлексияны тасымалдап, танытатын, таңбалайтын тілдік құралдарды зерттеу, дәлірек айтқанда, рефлексияның лингвоменталды

феномендік сипатын тану, таныту – әлі де зерттеуді қажет ететін өзектілігін жоймаған мәселе. Ұсынылып отырған докторлық диссертацияда қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасалған. Тілдік рефлексияны салғастырмалы әрі дискурстық аспектіде зерттеу білім мен ғылымның негізгі көзі деп санап ағылшын тілін жаппай игеруге ұмтылған кезеңде өте өзекті.

Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде диссертант рефлексия, тілдік рефлексия терминдеріне берілген анықтамаларды, рефлексияның философияда, психологияда, педагогикада, лингвистикада зерделенуін салыстырған. Рефлексияны санаға, тілге, оның ішінде көркем мәтінге сабақтастыра қарап, «тілдік рефлексия», «метатілдік рефлексия», «рефлексив» терминдерінің мағынасын ашып, тілдік рефлексияның мәтінмен, дискурспен арақатынасын айқындаған. Өз ой-пікірлерін Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасынан алынған үзіндіні талдау арқылы дәйектеген. Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінен үзінді талдап, оны тілдік сана негізінде тілдік рефлексияның орын алу моделін сипаттауда қисынды пайдаланған. Диссертацияда көркем дискурстың рефлексивті лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде көрінуі сызбаға түсірілген және мысалмен нақты талданған. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, рефлексияның түрлерін ажыратып, көркем мәтіннен метамағыналарды табу рефлексия мен интерпретация арқылы жүзеге асатынын тұжырымдаған.

Екінші бөлімінде қазақ, ағылшын көркем мәтіндеріндегі тілдік рефлексия көрінісін талдап, нәтижесін тұжырымдаған. Диссертант өз талдауларын ғылыми еңбектерде ұсынылған тілдік, метатілдік рефлексияны талдау сызбалары мен модельдеріне сүйеніп орындаған, диссертацияда ол сызбалар мен модельдерге сипаттама беріліп, ғылыми зерттеу мақсатына сай таңдалғаны атап көрсетілген. Грейм Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделін» әмбебап деп танып, оны негіздеп, Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерін» және ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» туындысының мәтінін сол модельге алғаш рет сүйеніп талдаған, нәтижесінде қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндердің рефлексияны таңбалаған бірліктері салғастырылған. Зерттеуде М.Р.Шумарина ұсынған метатілдік талдаудың формалды сызбасы («бейсаналы», «анық сана», шығармашылық деңгейлері) сипатталған және мәтін талдауда қолданылған. Таңдалған көркем мәтіндердегі метаоператорларды топтастырып, екі тілдегі көрінісін салғастырған. Метатілдік қызметті айқындайтын етістіктер тобы (ойлау операциясын көрсететін етістіктер мен өзін бағалау әрекетін таңбалайтын етістіктер) іріктеліп, сипатталып және Г.Гиббс моделіне сай сипаттау, сезіну, бағалау, талдау, қорытынды, іс-әрекет жоспары элементіндегі тілдік рефлексивтер топтастырылып, оларға лексика-семантикалық талдау жасалған. Осы бөлімде У.Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша», Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» шығармаларындағы тілдік рефлексияға метамәтіндік талдау жасалып, метамәтіннің коммуникативтік қызметтері айқындалған.

Үшінші бөлімі тілдік рефлексияны психолінгвистикалық эксперимент нәтижесінде анықтауға арналған. Ол екі сипатта көрініс тапқан: біріншіден, тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік комментарийлеріне талдау жасалған, екіншіден, тілдік тұлғалардың екі тілде берілген мәтінді (қазақша мәтінге Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасынан үзінді, ағылшынша мәтінге Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» шығармасынан үзінді ұсынылған) зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштер, рефлексивтерді талдаған. Қазақ, ағылшын тіліндегі метаоператорлар аналогын салғастыра талдап, ұқсастықтары мен айырмасын ажыратқан. Бұл бөлімде тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау негізінде «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделі» диссертант тарапынан ұсынылған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы мен алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызына төмендегі жетістіктерін жатқызуға болады: 1. Диссертацияда алғаш рет қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтер салғастырмалы аспектіде талданып, метамәтіндер мен олардың түрлері, вербалдану ерекшеліктері анықталған. 2. Тілдік рефлексияны талдауға алғаш рет Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделі» қолданылған, соның негізінде А.Құнанбайұлының «Қара сөздерін» және Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» туындысын аталған алты циклден тұратын модельге салып талдау арқылы авторлар рефлексиясының вербалдануы, метамәтіндік комментарийлері мен метамәтіндік көрсеткіштер, синтаксистік құрылымдар, рефлексивтер сипаты анықталып, олардың метамәтіндік қызметтері анықталған, салғастырылған. 3. Метатілдік рефлексияның мәтіндік (метатілдік айтылымдардан көрінетін), дискурстық (нақты коммуникативтік жағдай мен оны реттеу амалдары), әлеуметтік (жеке тұлғаға не күллі қоғамға тигізер әсері) түрлерінің көрінісі Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», У.Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша» туындысы, Oscar Wilde (Оскар Уайльд) «The picture of Dorian Gray» (Дориан Грейдің портреті) шығармалары негізінде салғастырыла талданып, жүйеленген. 4. Тілдік тұлғалардың тілдік рефлексиясын анықтау мен оны тасымалдайтын рефлексивтерді талдау мақсатында алғаш рет екі түрлі сауалнама жүргізілген: а) тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік комментарийлерін талдау мақсатында тілдік тұлғалардың рефлексиясына жалпы талдау жасап, ХХІ ғасырдағы тілдік тұлғалардың ХХ ғасырда жазылған шығарманы зерделеудегі метамәтіндік комментарийлері арқылы айырмашылықтарын анықтаған, ә) тілдік тұлғалардың мәтінді екі тілде (қазақша, ағылшынша) зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштерді, рефлексивтерді салғастырмалы талдап, нәтижесін тұжырымдаған. 5. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларында білім алушылардың тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамыту мақсатында «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделі» алғаш рет ұсынылған.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми деңгейінің, кәсіби құзыреттілігінің

жоғарылығын танытты. Жұмыстың нәтижелері 8 мақалада жарияланды. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін Journal of Psycholinguistics Research, Процентиль 90%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 4 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде біреуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Сыдық Перизат Сәндібайқызының диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Сыдық Перизат Сәндібайқызына «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Теориялық және қолданбалы тіл білімі

кафедрасының профессоры, филология

ғылымдарының докторы

Садирова К.К.

16. 04.2024

